

№ 2021 тіркелген "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ресми мәтіндерін кейіннен жариялауға сараптама өткізу және құқық беру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 22 қазандағы № 155 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 24 мамырдағы № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 3 маусымда тіркелді. Тіркеу № 2890. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 5 наурыздағы № 103 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 05.03.2019 № 103 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бұйырамын:

1. "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ресми мәтіндерін кейіннен жариялауға сараптама өткізу және құқық беру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2002 жылғы 10 қазандағы № 155 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 2021 болып тіркелген):

2, 3 тармақтарда:

"Заң жобалау қызметін үйлестіру, заңнаманы жүйелеу департаментіне", "Заң жобалау қызметін үйлестіру, заңнаманы жүйелеу департаментіне" деген сөздер "Заңнама департаментіне", "Заңнама департаментіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ресми мәтіндерін кейіннен жариялауға сараптама өткізу және құқық беру жөніндегі Нұсқаулыққа:

3-тармақтың екінші абзацында: "Заң жобалау қызметін үйлестіру, заңнаманы жүйелеу департаментіне" деген сөздер "Заңнама департаментіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

